

6B01702–ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Қазіргі білім беруде ақпараттық-коммуникациялық және педагогикалық-инновациялық технологияларды толыққанды меңгерген, оқу үрдісін заманауи талаптарға сәйкес сапалы ұйымдастыратын, ғылыми зерттеулер мен жобалық жұмыстарды жүзеге асыра алатын және әлеуметтік маңыздылығы бар міндеттерді шығармашылық және жоғары кәсіби тұрғыда шешуге қабілетті, қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін дайындау.

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуды мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

БББ өзектілігі. Білім беру бағдарламасы ҚР Ұлттық ішкі саясаттың бағыттары мен мақсаттарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарымен байланысты. Тіл саясатының негізгі факторлары: мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын стандарттау және жетілдіру; оқытудың инфрақұрылымын дамыту; мемлекеттік тілді оқыту процесін ынталандыру; мемлекеттік тілді кеңінен

қолдануды насихаттау, мемлекеттік тілді қолданудың беделін арттыру; мемлекеттік тілдің қажеттілігін арттыру болып табылады.

Мемлекеттік тілді танымал етудің өзекті мәселелері қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде білікті кадрлар дайындаумен тікелей байланысты.

Нарықтың қажеттілігі. Талдау "Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің статистикасы" ұлттық жинағының статистикалық деректері мен 2021 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық баяндама негізінде жүргізілді (2019 жыл "Ақпараттық-талдау орталығы"АҚ). https://factcheck.kz/wp-content/uploads/2020/01/nacionalnyy_sbornik_2018-2019-1.pdf, <https://iac.kz/wp-content/uploads/2022/02/naczionalnyj-doklad-po-itogam-2020-goda-2.pdf>

Білім және ғылым министрлігінің мәліметтеріне сәйкес 2019-2020 оқу жылында Қазақстанда ЖАО-ға қарасты күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің қазақ тілі мұғалімдерінің саны 32571 адамды құрады, оның ішінде 6296 педагог 50 жастан жоғары.

Ресми статистиканың деректерінен көрініп тұрғандай, 1264 мектеп ББ түлектері үшін әлеуетті жұмыс беруші болып табылады (Республикада орыс тілінде оқытатын мектептердің саны 1195, аралас тілде оқытатын мектептердің саны – 2046, басқа тілде оқытатын мектептердің саны - 24 (оның ішінде өзбек тілінде оқытатын мектептердің саны - 12, ұйғыр тілінде оқытатын мектептердің саны – 11, тәжік тілінде оқытатын мектептердің саны-1). Атап айтқанда, Республикада халықтың этникалық топтары үшін олардың атам тұратын жерлерінде 17 мектеп жұмыс істейді: өзбек тілінде оқытатын-Шымкент қаласында (3 бірлік), Түркістан (5 бірлік) және Жамбыл (1 бірлік) облыстарында, Ұйғыр облыстарында — Алматы қаласында (3 бірлік) және Алматы облысында (5 бірлік). Бұл мектептердің жалпы контингенті 2020 жылы 103 338 оқушыны құрады.

2019 жылы-103137 білім алушы, 2018 жылы — 102743 білім алушы. Мысалы, 2020 жылы олардың 5,3% — ы өзбек тілінде, 0,7% — ы ұйғыр тілінде, 0,3% - ы тәжік тілінде оқыды.

Әдеттегідей педагогикалық мамандықтарға деген жоғары сұраныс әйелдер арасында сақталуда. Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінде студенттерді қабылдау және бітіру жөніндегі деректерді талдай келе, білім алушылар контингентінің 85% - ын Алматы қаласынан (9,8%), Алматы (20%), Түркістан (43,5%), Қызылорда (6,9%), Жамбыл (4,9%) облыстарынан келген қыздар құрайтынын атап өткен жөн.

Осылайша, жоғарыда аталған өңірлерден және Алматы қаласынан келген талапкерлер үшін Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті логистика тұрғысынан тартымды болып қала береді және жатақханаларға жеңілдетілген бағамен орналастыру ұсынылады.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Нийде Омер Халисдемир университеті (Түркия) арасындағы өзара түсіністік туралы Меморандум (23 Қаңтар, 2018 жыл)
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	«Тренинг шебері»

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

Кәсіби қызмет түрлері:

- Жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар мен лицейлер, колледждер оқу-тәрбие;
- ғылыми-зерттеу орталықтары;
- шығармашылық ұйымдар;
- мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

1 кәсіби құзыреттілік саласы

Түлек жалпы (негізгі) білім беру, Бастауыш және орта кәсіптік білім беру, қосымша білім беру мекемелерінде кәсіптік қызметті жүзеге асыра алады.

2 Кәсіби құзыреттілік саласы

Түлек филология, лингвистика, әдебиеттану, фольклор және текстология бойынша ғылыми зерттеулер жүргізе алады.

3 Кәсіби құзыреттілік саласы

Түлек баспа саласында редакциялық және түзету жұмыстарын жүргізе алады және газеттер мен журналдардың редакциясында жұмыс істей алады.

4 Кәсіби құзыреттілік саласы

Түлек білім беру, мәдениет, басқару, бұқаралық ақпарат құралдары, мәдениетаралық қарым-қатынас және әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа да салаларында іскерлік құжаттарды жүргізе алады.

5 Кәсіби құзыреттілік саласы

Түлек әлеуметтік және гуманитарлық қызметтің әр түрлі салаларында ауызша және жазбаша аудармаларды жүзеге асыра алады.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2 - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН 3 - Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

ОН 4 – Білім алушылардың тіл білімдік және кәсіби қарым-қатынастық құзыреттіліктерін қалыптастыра отырып, қазақ тілі заңдылықтары мен теориялық негіздерін (лексикалық, фонетикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік) біледі, сала бойынша кешенді лингвистикалық талдау жасау дағдысын меңгереді және лингвистикалық терминология жүйесі мен әрбір тіл білімдік саланы мектепте

жаңаша оқытудың әдістемелік жүйесі мен жаңа технологияларды тиімді қолдану жолдарын анықтайды.

ОН 5 – Білім алушылардың кәсіби әдістемелік және жаңаша оқыту жұмысына негізделген құзыреттіліктерін қалыптастырып, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін қазақ тілді және орыс тілді аудиторияда оқытуға бейімдеп, нақты білім беру нәтижелеріне жету үшін әдістемелік міндеттерді заман талабына сай шешуге дағдыланады.

ОН 6 – Білім алушылардың лингвомәдени, ғылыми-пәндік құзыреттіліктерін қалыптастырып, мәдени қарым-қатынас жасауда кәсіби, іскерлік және ақпараттық құжаттарды, ғылыми мақала-мәтіндерді сауатты жазуға қажетті тілдік дағдыларды (стиль, лексика, мәтін құрылымы, т.б.) меңгереді, мәтінге тілдік талдау жасау әдістерін біледі және ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуге бейімделеді.

ОН 7 – Білім алушылардың әдеби танымдық құзыреттілігін қалыптастырып, қазақ әдебиеті тарихының даму және қалыптасу кезеңдері, қазақ әдебиеті теориясының бағыттары мен концепциясы, көркем шығарманы ғылыми-теориялық тұрғыдан саралап, түсіндіреді, көркемдік-эстетикалық даму жолдары туралы терең білім мен әлем әдебиеті дамуының заңдылықтарын меңгереді және жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес мектепте әдебиетті оқыту әдістемесінің негіздерін біледі.

ОН 8 – қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздерін анықтап, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың оңтайлы формалары мен әдістерін таңдайды және қолдануда жұмысты тиімді ұйымдастырады, жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша кәсіби қызмет аясында қайшылықты идеяларды сыни тұрғыда қабылдап, мәселелерді өздігінен және тиімді шеше білуді үйренеді, пәндік-тілдік оқытудың технологияларын есепке ала отырып, көптілді коммуникациялық ортада оқу үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін үйлестіреді.

ОН 9- Лингвистикалық теориялар, заңдар мен лингвистикалық ғылым заңдылықтары саласындағы қазіргі заманғы ғылыми-теориялық көзқарастарды, оның ұғымдық-категориялық аппаратын біледі және қазіргі қазақ жазуын латын графикасына көшірудің мақсаты мен алғышарттары туралы көзқарастар мен проблемелерді сыни тұрғыдан талдайды.

ОН 10- Аударма теориясы мен тәжірибесінің негізгі ұстанымдарын, тіл мен мәдениетаралық қатынас теориясын, мәдениетаралық қарым-қатынас пен аударма процесіндегі өзара іс-қимылдың түрлі коммуникативтік жағдайлардағы әр түрлі тілдік мәдениеттер өкілдерімен тұлғааралық байланыстарды жүзеге асырады, (аударманың әр түрлі іске асырудағы) кәсіби және лингвистикалық құзыреттілігін қолданады.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10
ТА1	+	+		+	+	+	+	+	+	
ТА 2	+		+							+
ТА 3	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ТА 4			+	+	+	+	+	+	+	+
ТА 5		+	+		+			+		
ТА 6	+	+	+					+		+

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

- 1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.
- 2) "Педагог" кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.
- 3) «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру үшін және өткізу жөніндегі әдістемелік ұстанымдарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2023 жылғы 27 наурыздағы № 125 бұйрығы.